

06.03.2024 ж № V00056

Қазақ сәндік қолданбалы өнер түрлері және оның даму тарихы

ТОИЛАНОВА РАЙХАН ЖУМАНАЗАРОВНА
Түркістан облысы, Шардара ауданы
«Сырдария жалпы білім беретін мектеп»КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазақтың қазақ болуы өз елінің, өз жұртының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жетік білуінен басталады. Енді ғана тарихымызды тірілтіп, баяғы ұмыт қалғанымызды жаңғыртып, оны өз дәрежесінде зерттеуге зейін қойған сыңайымыз бар, тарихымызбен сабақтас қазақтың қолөнеріне, ою-өрнектеріне кезінде жете мән берілмеді десек артық айтқандық болмас. Қазақ елінің тыныс-тіршілігінде, тұрмысында кеңінен пайдаланып келе жатқан ата кәсібінің тереңдігін, мол мәдениетін танытатын, алайда әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келе жатқан өнер саласы.

Қазақ халқы мұқтаждықты жою үшін, баршылықты молайта беру үшін, үй жиһаздарын тиімді, қолайлы, сәнді де ұнамды етіп жасады. Соның нәтижесінде біздің бабаларымыз бен аналарымыз кейінгі ұрпақтар үшін көптеген өнер мұраларын қалдырды. Халқымыз от пен судың тар жол тайғақ кешулерінен өтіп, өрнектерінің мұрасын қалдырды. Ол қолөнер туындыларын қазіргі музейлерден көруге болады.

Қолөнер шеберлері байлыққа қосып, молшылық жасаумен қатар, сол баршылықты байыпты етуге тұрмыстық жиһаз-мүліктерімізді сәндендіре түсуге үлкен үлесін қосты. Қолөнердің әсем туындылары рухани азық болатын эстетикалық талғамын қанағаттандыратын сұлу да әдемі, тиімді де ұнамды ұлттық киімдер мен жасау- жабдықтар жасады.

Қазақтың қолөнерін зерттеу мәселесі ерте кезден көптеген саяхатшылар мен коллекционерлердің ғана емес, ғалым — этнографтар, археологтар мен суретшілердің де көңілін аударып келген. Қазақ қолөнерінің өткендегісі мен бүгінгі жағдайын, оның өзіне тән методологиясын зерттеу, қазірдің өзінде де мәселелердің бірі болып табылады.

Халықтың қолөнері өзінің тарихы мен кейбір ұйымдастыру мәселелерінің жеткілікті зерттелмегеніне қарамастан, күнделікті тұрмысқа қажетті қоршаған затты, көпшілік тұтынатын бұйымды әсемдеуге бейім өнер ретінде, жалпы мәдени дәрежені жоғары көрсетуге тән дамып келе жатыр.

Көне заманнан келе жатқан қолөнері өзінің өсу жолында өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалды. Қоғамдық дамудың қай сатысында болсын қоғаммен бірге дамыған қолөнері әр дәуірде өзінің өшпес ізін қалдырып, әлеуметтік-көркемдік жағынан дәуір тынысын қалт жібермей әсерін тигізіп отырды.

Қолөнерінің қазіргі дәуірдегі дамуы күрделі де аса бай. Еліміз егемендік алып, өз салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, тарихын зерттеп, дінін, тілін қайта жаңғыртып жатыр. Онымен бірге ол күнделікті тұрмысымызды, гүлденген өмірімізді жан-жақты бейнелеуде, халықты эстетикалық жағынан тәрбиелеуге қызмет етеді.

Қолөнерінің Қазақстан территориясында ертеден кең дамығаны мол деректерге сүйене сөз болады. Оның өркен жаюы, біріншіден, қазақ халқының күнделікті тұрмысына пайдалану қажеттігінен туса, екіншіден, халықтың өнерді құрмет тұтып, жоғары бағалауынан туған жағдай екендігі нақты мысалдармен баяндалады. Сондай-ақ өнердің әрбір саласына байланысты кейбір аталған жергілікті жерлердегі түрлерінің өзіндік ою-өрнектері, тоқылу, жасалу, орындалу технологиясы мен тәсілдері олардың бір-бірінен өзгешеліктері де айтылады.

Қазақ халқы қаншалықты тарихи дәуірлерді басынан өткізсе де, өзінің киіз жасау өнері мен киіз басып, алаша, кілем тоқу, алтын, күміс, асыл тастардан ұқсатып неше түрлі әшекейлі ою-өрнек, әсемдік заттар жасайтын қарапайым құралдарын мұра етіп сақтап қалды.

Қазақстандағы қолөнері бұйымдарының түрлерін, қосымша түрлі суреттер мен саяхатшылардың, елшілердің жазбалары мен археологиялық қазбалар, ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындылары арқылы шамалауға болады. Қазақ халқын құраған этникалық топтардың қолөнер кәсібі жайлы тарихи мәліметтер бізді өте ерте заманға жетелейді. Археологиялық қазбалар мен ескерткіштерге қарағанда, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар мыңдаған жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, т.б. шикізаттарды түрлі шаруашылық кәсіптері мен күнделікті үй-ішінің мүліктеріне пайдаланып келген. Қазақ халқы өз ата-бабаларының қолөнершілік пен көркем өнердегі дағдысын мұра етіп қана қойған жоқ, оны айтарлықтай дамытып, байыта түсті. Мұның бәрі сол замандардағы нақтылы әлеуметтік жағдайларға, тарихи оқиғаларға, қоғам өндірісіне байланысты.

Қолөнершілер қазақ ауылдарында ата бабасынан зергерлік жасап, ағаштан түйін түйіп, металл бұйымдарынан алуан түрлі тұрмыстық заттар жасайтын шеберлер де болды, бірақ олар өте аз болған. Негізінен, қазақ қолөнершілерінің қатары 19 ғасырда көбейді. Бұл туралы революцияға дейінгі зерттеушілердің еңбегінде де айтылған

Ол кезде қолөнер бұйымдарын алушылар өте аз болды. Сондықтанда қолөнершінің еңбегі құнсыз болып, кейде істелген еңбек, төгілген терді ақтамайтын да болды. Сол себепті қолөнершілер бір жағынан егін, мал шаруашылығынан қол үзбеді.

М. А. Леванский: «Қазақтың қандай кәсіпке болмасын табиғатынан қабілеттілігіне тек сүйсінесің, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар шығаратындығына таңданбасқа болмайды. Қазақтардың тіккен аяқ киімдері өте берік, киюге ыңғайлы» деп жазды.

Қазақ халқы күнделікті тіршілігіне керек заттарды өз қолдарымен жасаған. Жасаған заттарын әдемілеп, әшекейлеп отырған. Бұл өнер түрін қолөнер дейміз. « Өнер көзі – халықта » демекші, халық қолөнері жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға дамып, жетіліп отырған. Әрине, жоғарыда аталған қолөнерлердің бірқатары өте көп еңбек етуді керек етті. Бертін келе, адамзат қоғамы дамыған сайын қолөнердің біразы жаңа әдіс тауып, жаңа түрге ие болды. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына қатты талап қойып, олардың әрі үнемді, әрі сәнді болуын қалады. Еңбек үстіндегі творчестволық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа алуан түрлері жасалып отырды. Сонымен қатар жиһаздардың ою-өрнектері де талғамға қарай жаңа мәнер, жақсы әшекейлермен безендірілу және жиһаз-мүліктердің жаңа түрлерін шығару талабы да арта түсті.

Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасына көбірек тарағаны – ою өрнек өнері. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келеді.

Қазақ халқы үшін ою-өрнек өнері байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең көнесі, әрі ең кең тараған саласы болып саналады. Бұл ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, адам жанына ләззат сыйлайтын эмоциялық әсері күшті, эстетикалық мәні зор өнер саласы.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес.

Халық қолөнерінің тағы бір түрі жүннен жасалатын бұйымдар. Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Жүннен бау-шу, арқан-жіп, киім кешек, қазақ үйдің киізін, әр түрлі төсеніштер мен қап, шекпен сияқты ең қажетті мүліктер жасалған.

Өрмек — халық қолөнерінің тоқу ісінде қолданатын өте қарапайым әдісі, яғни мұны тоқу станогы десе де болады. Күрделі техникасыз, кез келген жағдайда қолданылып, керекті жабдықтары оңай табылатын өрмектің екі түрі бар. оның біріншісін аспалы немесе термелі өрмек дейді. Ондай өрмекте кілем сияқты тұтас, енді заттар тоқылады, екіншісін жай өрмек дейді. Жай өрмек шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты еңсіз нәрселерді тоқуға арналады.

Мал терілерін өңдеуде халық тұрмысында қарапайым жолмен ұқсату көптен бері келе жатқан тәсілдердің бірі. Сондықтан бұған байланысты түрлі-түрлі ұғымдар туды. Мысалы, ірі қара малдың иленбеген терісін шылғи тері немесе шылғи қайыс, ал тері иленіп ұқсатылғаннан кейін оны қайыс деп атайды.

Мал терісінен жабағы тон, іштік тон, тері шалбарлардың түрлері, ішіктер, тымақ, бөрік жасалады. Қайыстан өріп қамшы, қарғы бау, нокта, тізгін, жүген, белдік, торсық жасаған. Былғарыны өңдеп етік, абдыра амиян, белдік, ер-тұрман, домбыра қап, дорба, кебіс жасаған.

Ежелгі халықтардың қай-қайсысы болмаса да негізгі күн көріс кәсібін аңшылық пен мал өсіруден бастаған. Малдың сүйектерінен, мүйіздерінен түрлі қолөнер туындылары жасалды.

«Шеберлік өнер шығармаларының тағы бір елеулі тобы – сүйектен, мүйізден істелетін бұйымдар. Бұлар әдетте ойып түсірілген өрнекпен әшекейленеді, мұның негізіне алынған өрнек тер тура сызықты, бұраң сызықты, дөңгелек сызықты болып келеді. Мұнда үлкен шеберлікке жеткен нәрсе кейбір хайуанаттардың, мысалы, жыртқыш аңның, аттың және тағы сондайлардың бастарын бейнелейтін бедерлер. Бұлардың са тамаша үлгілері сүйек таналар мен қамшы саптарына салынған. Сүйектен жасалған бұйымдар орындалу техникасы жағынан металдан жасалатын әшекей бұйымдарына өте жақын келеді». Сүйектен алқа, айна қойғыш, адалбақан, бесік, білезік, ине, кесте біз, қамшы сап, ожау, ойыншықтар, түйреуіш, шанышқы, түрлі ыдыстар, ысқыш жасалады.

Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді.

Ағаш шеберлері балта, пышқы, үстірік (сүргі), бұрғы, ағаш түрпісі, тез, қысқы, үскі, қашау сияқты аспаптарды пайдаланады. Ағаштан бұйым жасайтын шеберлер: емен, қайың, самырсын, үйеңкі, қызыл қарағай, шынар, қара ағаш, ырғай, шырғай, тасжарған, мойыл, қайыңның түбі (безі), жөке, тал, арша, жаңғақ ағашы, май қарағай сияқтыларды пайдаланады.

Қазақ қолөнерінің бір түріне зергерлік өнері жатады, ол өте ерте заманнан келе жатқан өнер.

Оларға: шолпы, шашбау, білезік, сақина, жүзік, сырғаларды асыл тастармен әшекейлеудің асқан шебері болған халық. Оны барлық халықтар жоғары бағалап, ең қалаулы өнер етті. Тарихи этнографиялық музейлердегі, археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге – моншақтар алтын мен күмістен және асыл тастардан жасалған қымбат заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады. Бұл өнерді жасаумен бірге батырлық пен саятшылыққа қажетті садақ пен жебе, айбалта мен шоқпар, сойыл мен бас мойыл, құстың тоғыры мен томағасын дайындап кәсіпшілікке айналдырған. Мал шаруашылығына қажетті нокта, шылбыр жүген, құрық, бұғалық, тұсамыс, шідер, кісен, қада, ертұрманды да дана халық ойлап тауып халық қажетіне айналдырған. Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де «ұста» деп атаған.

Ұста сөзі шебер, өнегелі, ісмер деген ұғымда ағаш ұстасы, темір ұстасы, күміс ұстасы, сөз ұстасы, ақыл айтуға ұста деген сияқты тізбектерде айтыла береді. Бірақ алтын- күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуесәуестенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған. Осыған қарай оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Бұл туралы академик саяхатшы П. С. Паллас өзінің 1776 жылғы «Путешествие по разным провинциям Российской империи » деген кітабында : «қазақтарда ұсталар да зергерлер де бар», - деп жазады.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен салдардың бас киімі, белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол-*жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін.

Тасқа паналау, тас қалау, тасты құрал-жабдық ретінде пайдалану және өрнектеу, таспен басқа затты өрнектеу, тастан мүсін жасау өнерлерінің ертеден пайда болғаны мәлім. 6-12 ғасырларда тасты оюлау күшті дамыды. Ескі деректерге қарағанда бұл кездерде бәдізші (скульптор) сымбатшы (художник) деп атлған қас қашаушы арнаулы шеберлер болған. Бұған сурет өнерінің ескерткіштері мен түрлі тас сымбаттар (бәдіз)және эпиграфиялық ескерткіштердің (бенгутап) түрлі қалдықтары дәлел бола алады.

Халық бұрын ғылым мен білімге қолы жетпесе де, сұлулық пен әсемдікті таңдай да, талғай да білген. Өз тұрмысы мен мәдениетінде қолөнерін мұрат тұтып жетілдіре берген. Шеберліктің небір сан саласын асқан ұқыптылықпен көкірегінде қастерлей сақтап, меңгеріп, біздің дәуірімізге ұштастырған.

Халқымыздың сонау арғы кезеңдердегі мәдени өміріне ой жүгіртіп көрсек, ерте заманда да он саусағынан өнері тамған ісмер ,зергерлердің, архитекторлардың, қолөнер шеберлерінің мыс, қола, алтын, күміс сияқты металдардан қорытып әсем бұйымдар мен елін қорғаған батырлар үшін қаружарак, сауыт сайман, ер-тұрман соққаны таңғажайып шежіре болып шертіледі. Олардың көбінің аттары аталмай қалғанмен, қолтаңбалары түскен өштес мәдени мұралары кейінгі ұрпақтар өміріне өнегелі үлгі, әсемдікке баулитын өнер салтанатына айналуға. Біздің ата-бабаларымыз өздерінің қандай мол рухани қазынаға мұрагер екенін де жете танымаған. Сол бір ойсыраған олқылықтың өтеуі — халық қолөнерін зерттеу, қалың қауымның игілігіне айналдыру қазіргі егемендік заманында ғана жүзеге асырылып келеді.

Қазақтың халық шеберлері жасаған үлкен талғаммен өрнектеліп істелген бұйымдарды зерттеудің, олардың нұсқаларын жариялап отырудың ғылыми маңызызор. Өйткені, бұл қазақ халқының этногенезінің аса маңызды, тың мәселелерін шешуге, оның ұлттық дәстүрлері мен өзгешеліктері сол сияқты басқа халықтармен байланысты байқауға көмектеседі.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанда жиырма төрт музей ашлды, бұлар негізінде, тарихи өлкетану және өнер зерттеу музейлері. Осы музейлердің бәріне қазақ халқының тарихы, этнографиясы, ою-өрнек жөнінде бағалы зерттеулер бар.

Халықтың мол өнерін иеленіп, іске асырғанымыз, жолын кеңітіп, оны тұрмыс мәдениетін көркейтуге пайдаланғанымыз жөн. Ел арасында сиреп бара жатқан қолөнер шеберлеріне қозғау салып, неше түрлі өрнекті ою сияқты көне мұраларды тауып, түрлендіре, жаңғыртып, жасарта беруді жастардың үлесі ету зор міндетіміз.

Бұған қолөнер саласындағы кілем, алаша, бау-басқұр тоқу, сырмақ сыру, текемет басу, тұс киіз жасау дәстүрінің ертеден келе жатқан үлгілері мысал бола алады. Қолөнер дәстүрін ұрпақтан- ұрпаққа жалғастыруда әйелдердің ролі зор. Ұлан- байтақ Республикамыздың түкпір-түкпірінде кілемнің, алашаның, тұс киіз, сырмақ текеметтің ою, түр салу өрнектерінде, бояу тәсілінде аймақтық өзгешеліктер мен өзіндік ерекшеліктері барлығы табиғи құбылыс. Бірақ, бәріне ортақ бір жәйт – осы дүниелердің әрі сәнді, әрі сапалы болып, көздің жауын алатындығы.

Қазіргі уақытта революцияға дейінгі қазақ халқының қолөнер табиғатын жан-жақты, этнографиялық тұрғыдан зерттеудің ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы зор, өйткені қазақтың қолөнері – жалпы халық мәдениетінің ішіндегі негізгі салаларының бірі. Үлкенді-кішілі қай халық болсын, дүниежүзілік мәдениет қорына өз үлесін қосады. Олай болса, қазақ халқының да ұлттық мәдениеті, оның ішінде қолөнер шеберлерінің дәстүрлі өнері – жан-жақты зерттеуді қажет ететін бағалы, ққұнды мұра.

«Кен асылы жерде, сөз асылы елде» дегендей, өнер түрлі елде мол, халықпен бірге жасап келеді және жасай береді. Осыған орай бұл шағын еңбегімізде – қолөнерін онан әрі дамытып, жетілдірудің шаралары және кадрларды тәрбиелеудің жайы азды-көпті сөз болды.

Қазақ қолөнерінің кең тараған бір түрі ши тоқу. Кең байтақ даланың берер байлығын бабаларымыз қолдана білген. Далада өсіп тұрған шиден тұрмысқа қажетті заттарды жасаған.

Халқымыздың өрнекті өнерінің бірі шиді жүнмен орап, және оны өрнектеп тоқу ісі. Қолөнерінің барлық түрлері сияқты, ши тоқу, оны түрлі өрнектермен безендіру әдісі өте ерте заманнан бері келе жатқан өнер мұрасы.

Сан алуан әдемі өрнектер орап тоқыған шым шилер киіз үйдің керегесі мен туырлығының арасына ыдыс-аяқ тұрған жаққа тұтуға, сондай-ақ үлкен үйлердің ішін бөлмелеп бөлуге де ыңғайлы.

Қазақстанның сәндік қолөнері – біздің түрі ұлттық, мазмұны қазақ мәдениетіміздің құрамды бөлігі. Оны дамыта отырып, жер-жерде халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпақтарға насихаттау, қолөнері бұйымдарының сапасын арттыра беру аса құрметті және игілікті іс болмақ.

06.03.2024 ж № V00057

Білім негізі – бастауыштан

АДИЛХАНОВА НАЗГУЛЬ ТОКТАРБЕКОВНА

Алматы облысы, Қарасай ауданы

«Абай ауылындағы № 2 орта мектеп» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Халқымыз әрқашан да ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған. «Ұстаздық еткен жалықпас Үйретуден балаға», «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады», — деп айтқан ұлы Абай.

Ал чехтің педагогы Я.А.Коменский: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі», — деп ұстаздар қауымын жоғары бағалаған.

Педагогикалық мамандықтардың ішінде бастауыш сынып мұғалімі мамандығы – ерекше мамандық. Өйткені кез – келген мамандық иегері бастауыш сынып мұғалімінен тәлім-тәрбие алады. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады.

«Білім негізі – бастауышта» демекші, білім берудің алғашқы атасы – бастауыш білім. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетінше шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Мектепте, ғылым саласының қай-қайсысынан болмасын, берілетін білімнің негізі бастауышта қаланады. Сондықтан да болар, А.Байтұрсыновтың: «... бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой.

Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектептерде үйренетін білімдер де сондай керек», - деуі. Бастауышта берілетін білімге ерекше көңіл бөлінеді. Яғни ғылыми білімдердің негізі осы бастауыштан басталады. Баланың оқу әрекетінің танымдық белсенділігі де осында қалыптасып, олар білімдерін өз беттерімен толықтыра алатындай деңгейге көтеріледі.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мектепте білім беруді жетілдірудің нақты жолдары мен тәсілдері қазіргі кезде сан алуан әдіспен іске асырылуда.

Әр мұғалім: ««Менің бүгінгі сабағымнан оқушым не үйренді?», « Мен өз білімімді толықтыру үшін не істедім?» деген сұрақтар төңірегінде істеген ісіне есеп беріп отыру керек. Әрбір сабақ мұғалімнен үлкен қажырлы еңбекті, ізденісті, шеберлікті, шығармашылықты қажет етеді.

Оқушылардың рухани дүниесін байытып, өмірді, оқиғаны бағалап пайымдай білуге дағдыландырып, аяқталған ойды ауызша және жазбаша жеткізе алуға тәрбиелеу мақсатында сабақтарымды түрлендіріп отырамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының миға шабуыл, ой жарыс, синквейн құру, эссе жазу, тоқтап оқу сияқты әдістерін үнемі қолданып отырамын.

Қазақ тілі, математика, дүниетану сабақтарында әртүрлі тақырыпта бүктемелер, қималар, ұнтаспалар, ойын элементтерін, сөзжұмбақтар, ребустар т.б. қолдана отырып оқушылардың шығармашылығын дамытамын.

Оқушылардың тіл байлығын дамытудың бір түрі – суреттермен мәтін құрастыру. Суретке бала назарын аудартып, сұрақ-жауап арқылы ой қозғатып, мәтін құрастыртамын. Бұл жұмысты ауызша да, жазбаша да орындауға болады.

Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтар, мақал – мәтелдер, өтірік өлең, жаңылтпаштарды сабақ сайын жүйелі пайдаланамын, өйткені олардың бала тілін дамытудағы рөлі ерекше. Тәрбие саласында ұмыт қалған салт-дәстүрлерімізді үйретіп отырамын. Кіші мектеп оқушылары үшін мұғалім олар еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді.

Сондықтан да, жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады.

«Оқу-білім – жаңған шырақ ойласаң. Үйренерсің, іздеп көрсең – қалмасаң. Қу өнерді, бу белінді, жігер сал, Пайда аларсың, қаз жанарсың, тоймасаң», — деп жырға қосқан қазақтың ұлы қоғам қайраткері, көсемсөзші Жүсіпбек Аймауытов. Білім қашан да адамның өмірлік азығы, өміріне мән берер түпсіз терең байлығы. Сондықтан адамды білімге үйрететін ұстаздың орны ерекше.

Ойымды қорытындылай келе қазақтың нақыл сөзімен аяқтасам деймін :
« Оқушы толтыратын ыдыс емес, оқушы – бұл алау » оны жаға білуіміз керек.

06.03.2024 ж № V00058

Қазақтың қолөнері арқылы өмірге бейімделу

НУРТАЗАЕВА РУЗА МАХАНБЕТОВНА
Түркістан облысы Жетісай ауданы
«Х.Доспанова атындағы №28 ЖББМ» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды саласының бірі – қолөнер. Қолөнер өресі биік, өрісі кең өнер.

Қазақ қолөнері өзінің төл тума бітім қасиеттерімен, көркемдік мән мағынасымен өткен асыл қазынасы.

Қолөнер – халық қолөнерімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Қазіргі кезде сол ұлттық қолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін технология сабағы мен қолөнерге байланысты үйірмелер болып табылады. Өйткені, өзім қолөнер үйірмесіне оқушыларды қатыстыру арқылы көп нәрсеге көзім жетті. Өскелең ұрпақтың ойын тереңдетуде, шығармашылық қабілеттерін дамытуда, еңбекке қызығушылықтары мен ой-өрістерін кеңейтуде сонымен қатар эстетикалық талғам деңгейлерін жоғарылату мақсатында – қолөнер үйірмелерінің орны ерекше.

Сәндік қолданбалы қолөнердің қыр-сырымен сусындап, халық шеберлігінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан керемет шығармаларымен таныса отырып, шеберлікке, іскерлікке, еңбексүйгіштікке шыңдалуына мүмкіндік береді.

Ұлттық қолөнерді игеру арқылы өз халқының тарихи аса құндылықтарын біліп, мәдени мол мұрасын қадірлеп, салт-дәстүрлерді өз бойларына сақтап, кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, этникалық, ұлттық қасиеттерін қалыптастыруға негізделген.

Қазіргі уақытта қоғам үнемі даму үстінде. Осы қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың даму деңгейі мен тыныс тіршілігі әр алуан. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеу және балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту және оны тәрбиелеу. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікті нығайту, елімізге асқақ руханият пен азаматтықты өркендету үшін бүкіл күш-жігерін жұмылдыруға қажетті құбылыстардың бірі – қазақ халқының ұлттық дәстүрін, мәдениетін, тілін, қолөнерін оқытып үйрету.

Ата-баба мұрасын бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп, қолмен істеп, көзбен көрсетіп, тәжірибе арқылы орындатудамыз. Егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жаңғыртып жатыр. Әр ұлттың өзіне тән қолөнері бары анық. Халық қолөнерінің түп-тамыры – халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Жалпы ұлттық қолөнер бабаларымыздан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазыналарының бірі. Қолөнер – халық өмірінен, тұрмысымен біте жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Әр мемлекет жастарды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрлері мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйретуі қажет.

Қолөнерге бейімделуде сабақтарда бірлесіп топтық және жекеде жұмыс жасатқымыз. Бұл деген біздің оқушылардың еңбекке деген саналы көзқарасын өзгертеді.

Қолөнерге баулуда біздердің қазақтың ұлттық ою-өрнектерді ою, оларды бастырмалау, тоқыма мен кесте тоқу сияқты бірнеше жұмыстарды атқартамыз. Оқушыларымыз әрбір жұмыс барысында бойындағы шыдамдылық пен ұқыптылықты, саусақтарының икемділігі мен шапшаң бітіруге деген құлшыныстар сияқты әрекеттердің үнемі болуын ескертіп отырмыз. Сондықтан болар өз ісімізге деген сүйіспеншілігіміз оянып, өз ісімізге мақтанышпен қараймыз. Өз-өзіне деген сенімділік пайда болады.

Осындай сенімділіктің арқасында оқушылардың қолөнерге деген қызығушылығын арттырып, халық өнерін насихаттап, оны түрлі қиялмен жаңартып, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра беру аса игілікті іс. Өйткені қазақтың қолөнері біздің мәдениетіміздің құрамдас бөлігі. Оны дамыта отырып, әрбір адамның өзінің қабілетіне қарай қолөнерге бейімдеудің, іске икемдеудің маңызы да зор. Бұл деген оқушылардың жаңа өмірге бейімделіп, мамандықты меңгерудің алғы бастамасы болатыны анық.

06.03.2024 ж № V00059

Дефектолог қандай маман

РЫСЫМБЕТОВА НАЗГУМ МАХСАТОВНА

Алматы қаласы Медеу аудан

«Мамандандырылған «Жанұя» кешені» КММ

Дефектолог

Дефектолог дегеніміз не?

Медицина мен педагогиканы біріктіретін мамандық бар. Бұл дефектология. Дефектология саласындағы маман ерекше балалар мен олардың ата-аналары үшін ең жақсы дос және кеңесшіге айналуы керек.

Дефектолог — бұл физикалық немесе ақыл-ой дамуында артта қалған балаларды оқытуға мамандандырылған мұғалім.

Дефектолог қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Дефектолог мұғалім балалардағы бар ауытқуларды диагностикалап, олардың орнын толтыру жолдарын іздестіруге, сонымен қатар проблемалы баланың дамуына бағытталған белгілі бір сабақ курсына өткізуге қабілетті болуы керек. Бала мен маман арасында жас ерекшеліктері болмауы керек. Соңғысы жас ұрпаққа деген сенімділікке ие болып, балаға дос бола білуі керек.

Педагог-дефектологқа тән жеке қасиеттердің қатарына мыналар жатады:

- Интеллекттің жоғары деңгейі. Бұл дефектолог мамандығын игерудің қажеттілігі. Мұғалім сауатты және нақты сөйлеу керек, оның есте сақтау қабілеті жоғары, сыныптарды дұрыс құра және құра білуі керек.
- Интуитивті қабілеттер. Түйсік белгілі бір жағдайға сәйкес келетін техниканы анықтау үшін қажет.
- Байқау және зейінділік. Бұл екі қасиет баламен байланыс орнатуға, оның мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтауға және логикалық түсініктеме беруге көмектеседі.
- Байланыс. Маман балалармен ортақ тіл таба білуі және олармен тіл табыса білуі керек, әрдайым баланың сөйлесуіне және екі жақты диалог тұдыруына мүмкіндік туғызуы керек.
- Эмоционалды тұрақтылық пен шыдамдылық. Күшті жүйке жүйесі — дефектологтың физикалық немесе ақыл-есі кем балалармен өткізген сабақтарының тиімділігі мен өнімділігінің кепілі. Сіз дефектолог ретінде жұмыс істеу қиын жұмыс екенін түсінуіңіз керек.
- Жауап беру. Дефектолог — мұқтаж жандарға көмекке жүгінетін бірінші адам, ол басқа адамдардың проблемаларына бей-жай қарамауы керек.

- Әдептілік. Маман ерекше балалармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас кезінде барынша сыпайылық пен сақтықты көрсетуі керек.

Дефектологиялық мамандықтар

Дефектология ғылымы бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды:

сурдопедагогика — есту аппараты жұмысында айқын және аз ауытқулары бар балаларды оқыту;

- олигофренопедагогика — ақыл-ой кемістігі бар жас ұрпақты оқыту;
- тифлопедагогика — көру аппараты бұзылған нәрестелерді оқыту;
- логопедия — даму көрсеткіштері қалыпты шектерде болған, бірақ айтылуында анықталған сөйлеу бұзылыстары бар балаларды оқыту.

Дефектологтың кәсібі: мақсаттары мен міндеттері

Педагог-дефектологтың алға қойған мақсаттары:

1. Мотивация арқылы оқуға деген ұмтылысты қалыптастыру.
2. Қоршаған ортаға бейімдеу, сөйлеу аппаратының дамуын толықтыру, сауаттылыққа, оқуға, модельдеуге, ойнауға үйрету.

Мақсатқа назар аудара отырып, ерекше балалармен жұмыс жөніндегі маман келесі міндеттерді шешеді:

- дамуындағы ауытқуларға қатысты түзету жұмыстарын жүргізеді.
- Балаларға тән ақаулардың құрылымын және ауырлығын анықтау мақсатында оларға тексеру жүргізеді.
- Дәл осындай психофизикалық жағдайы бар балаларды топтарға біріктіреді.
- Дамудың ауытқуларын түзетуге және функционалдық ерекшеліктерін қалпына келтіруге бағытталған сабақтарды (топта немесе жеке түрде) өткізеді. Проблемалы балалармен сабақтар белгілі бір әдістемелер мен тәсілдерді қолдануға негізделген. Осы немесе басқа әдістемелік бағдарламаны таңдау студенттер арасындағы ауытқулардың ерекшеліктеріне байланысты.
- Оңалту кезінде жатқан балалардың ата-аналарымен консультациялар мен әңгімелер жүргізеді.

Сонымен қатар, балалар дефектологы өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде жетілдіріп отыруы керек.

Педагог-дефектологтың функциялары

1. Баланы егжей-тегжейлі тексеруден өткізеді, оның негізінде оның оқу қабілеттілігін диагностикалайды. Егер дамудағы ауытқулар анықталса, даму кемшіліктерін барынша толықтыруға және қалпына келтіруге бағытталған жұмыс ұйымдастырылады.
2. Негізгі психикалық процестерді дамытуға бағытталған сабақтарды өткізеді (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау процестері және т.б.).
3. Балалардың коммуникативті дағдыларын дамытады.

4. Белгілі бір жас санатындағы балаларға арналған кульминациялық әрекетті дамытады. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын өтеу үшін балабақшадағы дефектолог ойынға, мектеп оқушылары үшін — оқуға, жазуға және т.б.

Дефектолог жұмысы: ұйымдастыру принциптері

- Даму бұзылыстарын диагностикалау үшін, оларды түзету және қалпына келтіру үшін диагноз бен коррекцияның бірлігі принципіне негізделген интегралды тәсіл қолданылады. Диагностикалық жұмыс — бұл маманның нәрестені кешенді зерттеуінің ажырамас бөлігі. Сауалнама жүргізу кезінде қоршаған орта қолдау көрсететін, достық қарым-қатынаста, бөгде шуылсыз және үшінші тұлғалармен болуы керек, диалог тыныш жағдайда болуы керек.
- Даму бұзылыстарын талдау этиопатогенетикалық әдісті қолдану арқылы жүзеге асырылады. Әрбір ерекше баланың орталық жүйке жүйесі зардап шегеді, мұндай зақымданулардың сипаты әртүрлі, бұл психикалық және физикалық дамуда гетерогенді бұзылыстардың пайда болуына әкеледі. Сондықтан дефектологпен сабақтар сараланады. Әрбір жеке оқушы немесе мектеп жасына дейінгі балаға түзету жұмыстарындағы басым бағыттардың тізімі жасалады, жас ерекшеліктері мен балалардың жеке сипатының ерекшеліктерін ескеруіңіз керек. Маманның балаға қоятын міндеті оған өте айқын болуы керек

Егер балаға бір уақытта екі немесе одан да көп маманның көмегі қажет болса, дәрігерлер мен мұғалімдер арасында пәнаралық өзара әрекеттестік бар.

Әрбір проблемалы кішкентай адам үшін мұғалім-дефектолог динамикалық бақылау жүргізеді, оның нәтижелері бойынша сол немесе басқа әдістемелік техниканы қолдана отырып, түзету жұмыстарының тиімділігі көрінеді, сонымен қатар, қалыптасқан білімдік білімнің, психикалық және физикалық дамуының корреляциялық талдауы жүйелі түрде жүргізіледі.

Дефектологтың жұмысы туралы мифтер

- *Миф 1...* Түсініксіз себептер бойынша адамдар дефектолог тек психикалық және физикалық функцияларында ауытқулары бар балалармен жұмыс істеуге мамандандырылған деген пікірде. Бұл дұрыс емес. Ол академиялық проблемалары бар кез-келген балаға көмектесе алады. Дефектолог — бұл белгілі бір балаға дұрыс оқыту әдісін таңдай білетін кең профильді мұғалім.
- *Миф 2...* Дефектология маманы бар сабақтар мәңгі болады. Бұл жағдайдан алыс, дәлірек айтқанда, бұл толығымен дұрыс емес. Егер мұғалім оқу үлгерімі қиын және психикалық және физикалық ауытқулары жоқ оқушымен жұмыс жасаса, онда мұндай сабақтар нақты белгіленген кезеңмен сипатталады. Мұғалім балаға білімдегі олқылықтарды толтыруға көмектескен кезде пайда болады.

Логопед және дефектолог: негізгі айырмашылықтары қандай

Логопед пен дефектологтің негізгі айырмашылықтары:

1. Мақсатты аудитория. Дефектолог психикалық және физикалық дамуында белгілі бір ауытқулары бар ерекше балалармен, ал логопед — сөйлеу және айтылуында қиындықтары бар мүлдем дамыған балалармен жұмыс істейді.
2. Сабақтың мақсаты. Мектептегі немесе балабақшадағы дефектолог нәрсеге өз ойын жеткізе білуге көмектесуге тырысады, білімдегі олқылықтарды қалпына келтіреді және ақыл-ой дамуын түзету шараларын қолданады. Логопед тек сөйлеу аппаратын дамыту және сөйлеуді түзету бойынша жұмыс істейді.
3. Балалардың жас санатындағы шектеулер. Дефектология маманы өте кішкентай балалармен (1 жастан бастап) сабақ өткізе алады, бірақ бала үш жасқа дейін логопедпен сабаққа асықпау керек. Сонымен қатар, ересек адам логопедке жүгіне алады.
4. Дефектолог — бұл логопед мақтана алмайтын, қызмет саласы әлдеқайда аз кең профильді маман.

Сабақтас мамандықтар

Дефектолог мамандығы мәні бойынша мұғалім, психолог, дәрігер, логопед, балабақша тәрбиешісі мамандықтарына жақын.

МАЗМҰНЫ

- **ТОИЛАНОВА РАЙХАН ЖУМАНАЗАРОВНА**
- **АДИЛХАНОВА НАЗГУЛЬ ТОКТАРБЕКОВНА**
- **НУРТАЗАЕВА РУЗА МАХАНБЕТОВНА**
- **РЫСЫМБЕТОВА НАЗГУМ МАХСАТОВНА**